


ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ КІТАПХАНАСЫ



**ЗАЯДАН
Болатхан
Қазыханұлы**



Қазақстан Республикасының
Ұлттық ғылым академиясының академигі,
биология ғылымдарының докторы, профессор
Заядан Болатхан Қазыханұлы



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

ӘЛ-ФАРАБИ КІТАПХАНАСЫ

Заядан Болатхан Қазыханұлы

Биобиблиографиялық көрсеткіш

Алматы
«Қазақ университеті»
2021

Жауапты редактор:

М. М. Бұркітбаев х.ғ.д., профессор, КР ҰҒА академигі
К. Т. Туенбаева п.ғ.к., Әл-Фараби кітапханасының директоры

Редакторлар:

А. К. Бисенбаев б.ғ.д., профессор, КР ҰҒА академигі
А. А. Жұбанова б.ғ.д., профессор, ҚазҰЖҒА академигі
А. К. Садвакасова б.ғ.к., доцент
А. С. Кистаубаева б.ғ.к., доцент
Ф. С. Аубакирова

Құрастыраушылар:

Ф. К. Сарсекеева PhD доктор
М. О. Бауенова PhD доктор,
PhD докторанттар:

Б. Д. Қосалбаев, А. Б. Какимова, С. К. Сандыбаева

Заядан Болатхан Қазыханұлы : биобиблиографиялық көрсеткіш / құраст. : Ф. К. Сарсекеева, М. О. Бауенова, Б. Д. Қосалбаев, А. Б. Какимова, С. К. Сандыбаева ; жауапты ред. : М. М. Бұркітбаев, К. Т. Туенбаева ; ред.: А. К. Бисенбаев, А. А. Жұбанова, А. К. Садвакасова, А. С. Кистаубаева, Ф. С. Аубакирова. – Алматы : Қазақ университеті, 2021. – 204 б.



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

БИБЛИОТЕКА АЛЬ-ФАРАБИ

Заядан Болатхан Қазыханович

Биобиблиографический указатель

Алматы
«Қазақ университеті»
2021

Ответственные редакторы:

М. М. Буркитбаев д.х.н., профессор, академик НАН РК,
К. Т. Туенбаева к.п.н., директор Библиотеки аль-Фараби

Редакторы:

А. К. Бисенбаев д.б.н., профессор, академик НАН РК
А. А. Жубанова д.б.н., профессор, академик КазНАЕН
А. К. Садвакасова к.б.н., доцент,
А. С. Кистаубаева к.б.н., доцент
Ф. С. Аубакирова

Составители:

Ф. К. Сарсекеева PhD доктор

М. О. Бауенова PhD доктор

PhD докторанты:

Б. Д. Косалбаев, А. Б. Какимова, С. К. Сандыбаева

Заядан Болатхан Қазыханович : биобиблиографический
указатель / сост. : Ф. К. Сарсекеева, М. О. Бауенова, Б. Д.
Косалбаев, А. Б. Какимова, С. К. Сандыбаева ; отв. ред. : М. М.
Буркитбаев, К. Т. Туенбаева ; ред. : А. К. Бисенбаев, А. А.
Жубанова, А. К. Садвакасова, А. С. Кистаубаева, Ф. С.
Аубакирова. – Алматы : Қазақ университеті, 2021. – 204 с.



KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY NAMED AFTER AL-FARABY

AL-FARABY LIBRARY

Zayadan Bolatkhan Kazykhanuly
Biobibliographic index

Almaty
«Kazakh University»
2021

Responsible editors:

M. M. Burkittbayev PhD., professor, academician of NAS RK
K. T. Tuenbayeva candidate of pedagogical sciences, director of the library
of al-Farabi

Editors:

A. K. Bissenbayev doctor of biological sciences, professor, academician of
NAS RK

A. A. Zhubanova doctor of biological sciences, professor, academician of
KazNANS

A. K. Sadvakasova candidate of biological sciences, associate professor

A. S. Kistaubayeva candidate of biological sciences, associate professor
F. S. Aubakirova

Compiled by:

F. K. Sarsekeyeva PhD Doctor

M. O. Bauanova PhD Doctor

PhD doctoral students:

B. D. Kossalbayev, A. B. Kakimova, S. K. Sandybayeva

Zayadan Bolatkhan Kazykhanuly : biobibliographic index / Compiled by: F. K. Sarsekeyeva, M. O. Bauanova, B. D. Kossalbayev, A. B. Kakimova, S. K. Sandybayeva ; responsible editors : M. M. Burkittbayev, K. T. Tuenbayeva ; editors : A. K. Bissenbayev, A. A. Zhubanova, A. K. Sadvakasova, A. S. Kistaubayeva, F. S. Aubakirova. – Almaty : Kazakh University, 2021. – 204 p.

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырган көрсеткіш әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті ғалымдарының биобиблиографиясы сериясының жалғасы болып табылады.

Көрсеткіш әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Биология және биотехнология факультетінің деканы, биология ғылымдарының докторы, КР Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор Заядан Болатхан Қазыханұлына арналған. Биобиблиография ғалымның өмірін, ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметін сипаттайтын материалдарды, оның жарияланымдары мен ол туралы әдебиеттерді, сондай-ақ оның жетекшілігімен қорғалған кандидаттық және PhD докторлық диссертациялар тақырыптарының тізімін қамтиды.

Әмірбаяндық очеркте академик Б.К. Заяданның биология ғылымдарының дамуына және «Фототрофты микроорганизмдер, оларды биотехнология мен биоэнергетикада пайдалану» бағыты бойынша Қазақстан үшін жаңа ғылыми мектеп құруда қосқан үлесі көрсетілді.

Ғылыми еңбектер көрсеткішіндегі материалдар хронологиялық тәртіппен, әр жыл сайын алфавит бойынша орналасқан: алдымен қазақ тіліндегі жұмыстар кетеді, кейін орыс, соңында ағылшын тілінде жарияланған еңбектер берілді.

Бірлесіп жазған авторлардың есім көрсеткіштерінде сілтемелер, еңбектердің хронологиялық көрсеткіштеріне енгізілген жұмыстардың рет санына қарап берілген.

ПРЕДИСЛОВИЕ

Предлагаемый указатель является продолжением серии биобиблиографий ученых Казахского национального университета имени аль-Фараби.

Указатель посвящен декану факультета биологии и биотехнологии КазНУ имени аль-Фараби, доктору биологических наук, академику Национальной академии наук РК, профессору Заядан Болатхану Казыхановичу.

Биобиблиография включает материалы характеризующие жизнь, научную, педагогическую и общественную деятельность ученого, его публикации и литературу о нем, а также перечень тем кандидатских и PhD докторских диссертаций, защищенных под его руководством.

В биографическом очерке стремились осветить вклад академика Б.К. Заядана в развитие биологической науки и созданию новой для Казахстана научной школы по направлению «Фототрофные микроорганизмы, их применение в биотехнологии и биоэнергетике».

Материалы в указателе научных трудов расположены в хронологическом порядке, в пределах каждого года по алфавиту: сначала идут работы на казахском языке, затем на русском и английском языках.

В именном указателе соавторов ссылки даются на прямковые номера работ, помещенных в хронологическом указателе трудов.

THE PREFACE

The proposed index is a continuation of a series of the bibliographic list of scientists of the al-Farabi Kazakh national university.

The index is dedicated to the Dean of the Faculty of Biology and Biotechnology of Al-Farabi KazNU, Doctor of Biological Sciences, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Professor Zayadan Bolatkhan Kazykhanuly.

Biobibliography includes materials describing Prof. Zayadan's life, scientific, pedagogical and social activities, his publication and literature about him, as well as a list of dissertation topics for PhD students defended under his supervision.

The biographical sketch strove to highlight the contribution of academician B.K. Zayadan to the development of modern biology and the creation of a School for Kazakhstan in the area of "Phototrophic microorganisms, their application in biotechnology and bioenergetics".

The index of scientific works is indicated in chronological order, within each year, in alphabetical order : first, starting in Kazakh, in Russian and English.

In the index of co-authors, references are given to the order numbers of the works placed in the chronological index of the works.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ, БИОЛОГИЯ
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР
Б.Қ. ЗАЯДАННЫҢ ӨМІРІ МЕН ҒЫЛЫМИ-
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ**

Заядан Болатхан Қазыханұлы 1961 жылы 08 ақпанды
Монғол Халық Республикасының Қобда қаласында дүниеге
келді.

Білімі, ғылыми дәрежелері мен атақтары

1969-1977. – Қобда аймағындағы Қобда сұмыны бастауыш мектебі.

1977-1979. – Қобда қаласы 1-ші 10 жылдық орта мектебі.

1979-1984. – Ұлан-Батыр қаласы, Монғол мемлекеттік университеті, биофизика және биология мамандығы бойынша жаратылыстану факультетінің студенті.

1993-1996. – Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің (СПбМУ) генетика және селекция кафедрасының аспиранты. Санкт-Петербург.

1996. – 03.00.15 – «Генетика» мамандығы бойынша «Норфлуразонға төзімді *Chlamydomonas reinhardtii* мутантты штамдардың генетикалық талдауы» тақырыбында кандидаттық диссертация корғады. Санкт-Петербург.

2000. – NISIET Оқу-практикалық орталығында тағылымдамдан өтті. Хайдарабад, Дели (Үндістан).

2002-2005. – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, микробиология кафедрасының докторанты. Алматы.

2003. – ҚР БФМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің шешімімен «доцент» ғылыми атағы берілді.

2006. – 03.00.16 – «Экология» және 03.00.07 – «Микробиология» мамандықтары бойынша «Су экожүйелерінің мониторинг, функциясы және ремидиациясындағы фототрофты микроорганизмдердің рөлі» тақырыбында докторлық диссертация қорғау. ҚР БФМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2006 жылғы 11 қазанындағы шешімімен биология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді (№00000459).

2008. – ҚР БФМ білім және ғылым саласындағы бакылау комитетінің 2008 жылғы 30 мамырындағы шешімімен «Профессор» ғылыми атағы берілді (№0000442).

2009. – Лондондық университет колледжінің тәжірибелі жинақтаушысы (UCL). Англия.

2017. – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды.

2020. – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі болып сайланды.

Еңбек қызметі

1984-1986. – Микробиология зертханасының кіші ғылыми қызметкері. Монголия ғылым академиясының Жалпы биология институты (АНМ).

1986-1989. – Микробиологиялық синтез зертханасының ғылыми қызметкері. Монголия ғылым академиясының Биотехнология институты.

1989-1990. – КСРО ФА К.А. Тимирязев атындағы Өсімдіктер физиологиясы институтының зерттеуші-тәжірибелі жинақтаушысы. Мәскеу.

1990-1992. – Биотехнологиялық орталығының зерттеуші-тәжірибелі жинақтаушысы. Санкт-Петербург мемлекеттік университеті. Санкт-Петербург.

1996-1997. – Биология ФЗИ аға ғылыми қызметкері. Санкт-Петербург мемлекеттік университеті (СПбМУ). Санкт-Петербург.

1997-2001. – Экология кафедрасының доценті. Қазак ұлттық аграрлық университеті. Алматы.

2001-2006. – Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университетінің микробиология кафедрасының доценті. Алматы.

2007 – қазіргі қунғе дейін. – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің микробиология кафедрасының (казіргі биотехнология) профессоры.

2011-2015 жж. – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің биотехнология кафедрасының менгерушісі.

2015-қазіргі қунғе дейін. – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің биология және биотехнология факультетінің деканы.

Марапаттараты

2008. – «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің үздік оқытушысы» байқауының жеңімпазы.

2008 және 2018 жж. – «Қазақстан Республикасының ЖОО үздік оқытушысы» атағы берілді.

2010. – «Баян-Өлгій 70 жылдығы» медалімен марапатталған.

2014. – «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-не 80 жыл» мерейтой медалімен марапатталған.

2014. – КР ғылым мен техниканың дамуына үлес қосқан ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендия иегері.

2016. – Педагогикалық қызметіндегі жетістіктері үшін КР БФМ «Ы. Алтынсарин» төс белгісімен марапатталған.

2017. – Web of Science Core Collection деректері бойынша 2012-2016 жылдар аралығында «Жасыл энергетика» саласындағы қазақстандық ғалымдар арасында жоғары дәйексөз келтіргені үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің дипломымен марапатталған.

2017. – Springer Nature баспасының журналдарында жарияланым белсенділігінің жоғары көрсеткіштері үшін Springer Nature халықаралық сертификатының иегері болды.

2018. – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сінірғен еңбекі үшін» төсбелгісімен марапатталған.

2019. – «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің күрметті қызыметкері» төсбелгісімен марапатталған.

2019. – «Top researcher in Engineering and technologies» номинациясы бойынша Scopus Award-2019 дипломының иегері.

2019. – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Ерең еңбекі үшін» медалімен марапатталған.

ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АКАДЕМИКА НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, ДОКТОРА БИОЛОГИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОРА Б.К. ЗАЯДАНА

Заядан Болатхан Казыханулы родился 8 февраля 1961 года в городе Кобда Монгольской Народной Республики.

Образование, ученные степени и звания

1969-1977. – Начальная школа, Кобда сомона Кобдинского аймака.

1977-1979. – 1-ая 10 летняя средняя школа, город Кобда.

1979-1984. – Студент факультета естествоведения по специальности биофизики и биологии Монгольского государственного университета, Улан-Батор.

1993-1996. – Аспирант кафедры генетики и селекции по специальности генетика Санкт-Петербургского государственного университета (СПбГУ). Санкт-Петербург.

1996. – Защита кандидатской диссертации на тему: «Генетический анализ мутантных штаммов *Chlamydomonas reinhardtii*, устойчивых к норфлуразону» по специальности 03.00.15 – «Генетика». Санкт-Петербург.

2000. – Стажировка в Учебно-практическом центре NISIET. Хайдарабад, Дели (Индия).

2002-2005. – Докторант кафедры микробиологии КазНУ им. аль-Фараби.

2003. – Решением Комитета контроля в сфере образования и науки МОН РК в 2003 году присвоено ученое звание «доцента».

2006. – Защита докторской диссертации на тему: «Роль фототрофных микроорганизмов в мониторинге, функционировании и ремедиации водных экосистем» по специальностям 03.00.16 – «Экология» и 03.00.07 – «Микробиология». Решением Комитета контроля в сфере образования и науки МОН РК от 11 октября 2006 года

присуждена ученая степень доктора биологических наук (№0000459).

2008. – Решением Комитета контроля в сфере образования и науки МОН РК от 30 мая 2008 года присвоено ученое звание «Профессор» (№0000442).

2009. – Стажер Лондонского университетского колледжа (UCL). Англия.

2017. – Избран членом-корреспондентом Национальной академии наук Республики Казахстан.

2020. – Избран академиком Национальной академии наук Республики Казахстан.

Трудовая деятельность

1984-1986. – Младший научный сотрудник лаборатории микробиологии. Институт общей биологии Академии наук Монголии (АНМ). Улан-Батор.

1986-1989. – Научный сотрудник лаборатории микробиологического синтеза. Институт биотехнологии Академии наук Монголии. Улан-Батор.

1989-1990. – Стажер-исследователь института физиологии растений им. К.А. Тимирязева АН СССР. Москва.

1990-1992. – Стажер-исследователь биотехнологического центра. Санкт-Петербургский государственный университет. Санкт-Петербург.

1996-1997. – Старший научный сотрудник НИИ Биологии. СПбГУ.

1997-2001. – Доцент кафедры экологии Казахского национального аграрного университета. Алматы.

2001-2006. – Доцент кафедры микробиологии Казахского национального университета им аль-Фараби. Алматы.

2007 - по настоящее время. – Профессор кафедры микробиологии (ныне биотехнологии) КазНУ им. аль-Фараби. Алматы.

2011-2015 гг. – Заведующий кафедрой биотехнологии КазНУ им. аль-Фараби. Алматы.

С 2015 г. по настоящее время. – Заядан Б.К. возглавляет факультет биологии и биотехнологии КазНУ им. аль-Фараби. Алматы.

Награды

2008. – Победитель конкурса «Лучший преподаватель КазНУ им. аль-Фараби».

2008 и 2018 гг. – Присуждено звание «Лучший преподаватель вуза Республики Казахстан».

2010. – Награжден медалью «К 70-летию Баян -Улгий» Монголии.

2014. – Награжден юбилейной медалью «80 лет КазНУ им. аль-Фараби».

2014. – Обладатель государственной научной стипендии для ученых, внесших вклад в развитие науки и техники РК.

2016. – Награжден нагрудным знаком «Ы. Алтынсарин» МОН РК за достижения в педагогической деятельности.

2017. – Награжден дипломом Министерства образования и науки Республики Казахстан за высокое цитирование среди казахстанских ученых в области «Зеленая энергетика» в период с 2012 по 2016 годы, по данным Web of Science Core Collection.

2017. – Обладатель международного сертификата Springer Nature за высокие показатели публикационной активности в журналах этого издательства.

2018. – Награжден нагрудным знаком МОН РК «За заслуги в развитии науки Республики Казахстан».

2019. – Награжден нагрудным знаком «Почётный работник образования Республики Казахстан».

2019. Обладатель диплома Scopus Award-2019 в номинации «Top researcher in Engineering and technologies».

2019. – Награжден медалью КазНУ имени аль-Фараби «Ерек еңбегі үшін».

**MAIN DATES OF LIFE AND SCIENTIFIC AND
PEDAGOGICAL ACTIVITIES OF ACADEMICIAN OF THE
NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN, DOCTOR OF BIOLOGICAL SCIENCES,
PROFESSOR B.K. ZAYADAN**

Zayadan Bolatkhan Kazykhanuly was born on February 8, 1961 in the Kobda city, Mongolian People's Republic.

Education, academic degrees and titles

1969-1977. – Primary school, Kobda somon of Kobda region.

1977-1979. – 1st 10-year secondary school, Kobda city.

1979-1984. – Student of the Faculty of Natural Sciences with a degree in Biophysics and Biology, Mongolian State University, Ulan-Bator.

1993-1996. – PhD student of the Department of Genetics and Breeding, specializing in Genetics, Saint Petersburg State University (SPbSU) in Saint-Petersburg (Russia).

1996. – Defense of PhD thesis on the topic: "Genetic analysis of mutant strains of *Chlamydomonas reinhardtii*, resistant to norflurazone", specialty 03.00.15 - "Genetics" in Saint-Petersburg (Russia).

2000. – Internship at the NISIET Training and Practical Center. Hyderabad, New Delhi (India).

2002-2005. – Doctoral student of the Department of Microbiology, Al-Farabi KazNU, Almaty. RK.

2003. – By the decision of the Committee for Control in the Sphere of Education and Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan in 2003 he was awarded the academic title of "Associate Professor"

2006. – Doctoral thesis defense on the topic: "The role of phototrophic microorganisms in monitoring, functioning and remediation of aquatic ecosystems" in the specialties 03.00.16 - "Ecology" and 03.00.07 - "Microbiology". By the decision of the Committee for Control in Education and Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated October

11, 2006, he was awarded the degree of Doctor of Biological Sciences (No.0000459).

2008. – By the decision of the Committee for Control in the Sphere of Education and Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated May 30, 2008, he was awarded the academic title "Professor" (No.0000442).

2009. – Intern at University College London (UCL). England.

2017. – Elected as a corresponding member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

2020. – Elected as an academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

Labor activity

1984-1986. – Junior Researcher, Laboratory of Microbiology. Institute of General Biology of the Mongolian Academy of Sciences (ASM) in Ulan-Bator (Mongolia).

1986-1989. – Researcher, Laboratory of Microbiological Synthesis. Institute of Biotechnology, Academy of Sciences of Mongolia in Ulan-Bator (Mongolia).

1989-1990. – Research Assistant at the Institute of Plant Physiology. K.A. Timiryazeva of the USSR Academy of Sciences in Moscow (Russia).

1990-1992. – Research Assistant at the Biotechnology Center. Leningrad State University in Saint-Petersburg (Russia)

1996-1997. – Senior Researcher, Research Institute of Biology. SPbSU.

1997-2001. – Associate Professor at the Department of Ecology. Kazakh National Agrarian University in Almaty.

2001-2006. – Associate Professor of the Department of Microbiology, al-Farabi Kazakh National University in Almaty (Kazakhstan).

2007 – to present time. – Professor of the Department of Microbiology (now Biotechnology) al-Farabi Kazakh National University.

2011-2015. – Head of the Department of Biotechnology, al-Farabi Kazakh National University.

2015 – to present time. – Head of the Faculty of Biology and Biotechnology of al-Farabi Kazakh National University.

Awards

2008. – Winner of the competition "The best teacher of al-Farabi Kazakh National University".

2008 and 2018. – Awarded the title "The best teacher of the university of the Republic of Kazakhstan".

2010. – Awarded with the medal "To the 70th anniversary of Bayan-Ulgii".

2014. – Awarded with the jubilee medal "80 years of al-Farabi Kazakh National University".

2014. – Holder of a state scientific scholarship for scientists who have contributed to the development of science and technology of the Republic of Kazakhstan.

2016. – Awarded with the badge "Y. Altynsarın "MES RK for achievements in teaching.

2017. – Awarded with diploma of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for high citation among Kazakh scientists in the field of "Green Energy" in the period from 2012 to 2016, according to the Web of Science Core Collection.

2017. – Holder of the international Springer Nature certificate for high rates of publication activity in the journals of this publishing house.

2018. – Awarded with the badge of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan "For services in the development of science of the Republic of Kazakhstan".

2019. – Awarded with the badge "Honorary Worker of Education of the Republic of Kazakhstan".

2019. – Winner of the Scopus Award-2019 in the category "Top researcher in Engineering and technologies".

2019. – Awarded with the medal of the al-Farabi Kazakh National University "Eren enbegi ushin".

**БИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ,
ПРОФЕССОР, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТЫҚ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ
ЗАЯДАН БОЛАТХАН ҚАЗЫХАНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ,
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ
ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ОЧЕРК**

Балалық және жастық шагы

Заядан Болатхан Қазыханұлы 1961 жылы 08 акпанды Монғол Халық Республикасының Қобда қаласында дүниеге келген. Оның ата – анасы, мектеп мұғалімдері, ең бастысы оған өмірдегі жолын анықтап – білімге деген сүйіспеншілігін оята алды. Әкесі Қобда орта мектебінің химия және биология пәндерінің оқытушысы, оқу ісінің менгерушісі және директор болған.

1969 жылдан 1979 жылға дейін Қобда аймағы орта мектептерінде оқыды. Ол окушы кезінен биология, өмір және тірі табиғатқа деген қызығушылығы болып, тірі ағзаларды зерттеуді ұнатқан. Сондай-ақ, белсенді қоғамдық жұмыстарға да қызығушылық танытып, мектеп үйірмелеріне катысты.

1979 жылы орта мектептің бітіргеннен кейін Ұлан-Батыр қаласындағы Монғол мемлекеттік университетінің биофизика және биология мамандығы бойынша жаратылыстану факультетіне окуға түседі. Студенттік жылдардың өзінде оның мақсаткерлігі, жаңа білім алуда табандылығы көрінді, бұл университет оқытушылары мен басшылығының назарын аудартты. Үздік студенттермен бірге 1983 жылы ғылыми-өндірістік тәжірибеден өтү үшін оны М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетіне және А. Жданов атындағы Ленинград мемлекеттік университетіне жібереді.

1984 жылы университеттеге үздік окуын аяқтағаннан кейін, Б.Қ. Заядан өзінің еңбек өмірбаянын Монғолия ғылым академиясы, Жалпы биология институтының (ЖМИ) микробиология зертханасында кіші ғылыми қызметкері ретінде бастайды. 1987 жылы ол МФА Биотехнология институтының микробиологиялық синтез зертханасына ғылыми қызметкер лауазымына жұмысқа ауысады. Биотехнология институтының директоры, б.ғ.д.,

профессор, академик Т. Пунцагтың басшылығымен, Б.Қ. Заядан микробалдыр хлорелланы жаппай есіру және оларды өнеркәсіпте пайдалану жөніндегі өндірістік тәжірибелерге белсенді қатысады. Тыныссыз еңбектің нәтижесінде ол Монголияның мал шаруашылығы мен құс шаруашылығы кешендерінде пайдаланылатын белок мөлшері жоғары және биологиялық белсенді заттары бар жоғары өнімді хлорелла штамдарын шығарып алды.

Ғылыми қызметі: үлкен ғылымга сапар

1989 жылы оның өмірі мен ғылыми қызметінің жаңа кезеңі басталды, оның ғылыми қызығушылықтарының шенбері анықталып, оның тәуелсіз ғалым ретінде қалыптасуына ықпал етті. Ол үлкен ғылымға сапарын Мәскеуде, КСРО Ғылым академиясының К.А. Тимирязев атындағы «Өсімдіктер физиологиясы институтында» бастайды, онда 1989 жылдан 1990 жылға дейін альгологтар мен биотехнологтардың танымал мамандары б.ғ.д., профессор В.Е. Семененко, Л.Н. Цоглин және М.Г. Владимированың жетекшілігімен зерттеуші-тәжірибе жинақтаушы болып жұмыс істейді.

1990 жылдың соңынан Б.Қ. Заядан А. Жданов атындағы Ленинград мемлекеттік университетінің биотехнологиялық орталығында екі жылдық тағылымдамадан өтті, онда оның тәлімгерлері б.ғ.д., профессор, КСРО FA академигі С.Г. Ингебетомов, б.ғ.д., профессор К.В. Квитко, б.ғ.д., профессор Б. В. Громов, б.ғ.к., профессор А.С. Чунаев сияқты танымал ресейлік ғалымдар болды.

Жетекші ғылыми орталықтарда тағылымдамадан өту кезеңінде Б.Қ. Заядан зерттеудің жаңа әдістерін менгеріп қана коймай, өзінің теориялық білімін толықтырды, сонымен қатар осы ұжымдардың ғылыми қызметіне белсенді қатысты. Оның жұмысының нәтижесі «КСРО-ның микробалдырлар дақылдары коллекцияларының каталогы» жинағына енгізілген хлорелла мутантты штамдарын сипаттау және сертификаттау болды, сонымен қатар ол *Spirulina platensis* микробалдырларының фоторезистентті штамын алды және оның биологиялық белсенді заттардың өндірушісі ретінде биотехнологиядағы маңыздылығын көрсетті.

Мұндай белсенді ғылыми қызмет назардан тыс қалмады және 1993 жылы Заядан Б.Қ. Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің генетика және селекция кафедрасына аспирантураға қабылданды, онда ол гербицидке төзімді *Chlamydomonas reinhardtii*-дің мутантты штамдарын алуға және олардың генетикалық, биохимиялық және биофизикалық касиеттерін зерттеуге арналған диссертациялық тақырыбы бойынша жұмыс істейді.

1996 жылы «Норфулорозанға төзімді *Chlamydomonas reinhardtii* мутантты штамдарының генетикалық талдауы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті корғағаннан кейін ол ғылыми жұмысын СПбМУ биология ФЗИ аға ғылыми қызметкері ретінде жалғастырады, INTAS-94-2594 «Biochemical and genetic characterization of *Chlamydomonas reinhardtii* mutants» және РФФИ 93-04-6781 «*Chlamydomonas reinhardtii* бір клеткалы жасыл балдырлар пигменттерінің биосинтезін генетикалық бакылау» тақырыптары бойынша ғылыми жобаларды жүзеге асыруға катысады. Жұмыс нәтижелері Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры Д.Н. Маторин мен швейцариялық зерттеуші профессор А. Боскетtidің назарын аудартып, олардың ғылыми ынтымактастығына негіз болды.

Тағылымдамаларда және аспирантурада өткізген жылдарын еске ала отырып, «Бұл мен үшін киын, бірақ сонымен бірге бакытты кезең болды. Ізденіс пен үміт уақыты» – дейді, Болатхан Казыханұлы.

Аспирантурада оқып журген кезінде ол қазіргі Қазақстанның өмірі, мәдениеті мен ғылымы туралы айтып беретін казақстандық жас ғалымдар М. Сапарбаев, С. Мұхамбетжанов, С. Джокебаева, А. Маненкомен танысады.

1991 жылы оның өзінің тарихи Отанымен алғашки кездесуі өтті, ол Қазақ мемлекеттік университетінің жас ғалымдар конференциясының жұмысына қатысуға шакырту алады, онда ол Қазақстанмен, оның ғылыми әлемімен танысады және алған әсері себебінен – аспирантураны аяқтағаннан кейін Қазақстанға оралу туралы шешім қабылдайды.

Қазақстан гылымның дамуына қосқан үлесі және халықаралық байланыстарды дамыту

1992 жылы Дүниежүзі қазактарының қауымдастығы құрылды, оның төрағасы болып президентті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. Осы бірінші Құрылтай жиналысында қауымдастық президиумының Төрағасы Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде этникалық қазақтарға: «Бізде бұл әлемде бір ғана Отанымыз бар және ол Тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіз Қазақстанның кең құшағы сіздер үшін ашық, бауырлар мен әпке-қарындастар!» – деді. Президенттің мұндай сөздері жас ғалым Б.Қ. Заяданың отансүйгіштігін, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін, халықтың рухын және ұлттық мактандың сезімін ояты. Содан кейін 1994 жылы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде сейлекен сезінде біздің тұнғыш президентті Н.Ә. Назарбаев Ресей мен Қазақстанда білім және ғылым саласында жаңа бірлескен бағдарламалар мен жобаларды құру есебінен Еуразиялық экономикалық одак құру, ғылымды дамытудың мүмкіндіктері мен перспективалары туралы айтты. Жаңа ғасыр – ғылым ғасыры! Тәуелсіз Қазақстанның XXI ғасырдың ірі дамуши елдерінің біріне айналу себептерінің бірі ғылымдағы жетістіктерге тікелей байланысты. Президент Нұрсұлтан Назарбаев бұл даусыз фактінің түсіне отырып, әрқашан отандық ғылымды дамытуды алға қойған. Ол Қазақстан Республикасында білім беруді, ғылымды, өнерді, мәдениетті, спортты және инновациялық технологияларды дамытуға өз үлесін қоса алатын шетелдегі потенциалды жас мамандарды әрқашан құптады, және де кеңес заманында шетелге кеткен ұлттық кадрларды Қазақстанның өркендеуіне өз үлестерін қосып, Республикамыздың ігілігі үшін қызмет етуге шакырды.

Біздің Тұнғыш Президенттіңіздің басқаруының парасатты саясатының арқасында көптеген ғалымдар, өнер және спорт саласының мамандары, дәрігерлер бүгінде Қазақстанды құллі әлемге паш етіп отырғанын бәріміз білеміз. Қазақ халқы әрдайым өнер мен ғылымға ерекше көңіл бөлгені белгілі. «Білім – байлықтан да қымбат» деген қағиданы ұстана отырып, халымыз өзінің дүниетанымын кеңейте отырып, даналыққа, рухани

құндылықтарды дамытуға ұмтылды. Мұның бәрі, әрине, Б.Қ. Заяданың Қазақстанға, өзінің тарихи отанына оралуына ықпал етті.

Сонымен, Мәскеу, Санкт-Петербург және Ұлан-Батордың танымал университеттері мен Ұлттық академиялық ғылыми институттарының зертханаларында білім алған және үлкен ғылыми тәжірибе жинаған Б.Қ. Заядан өз халқының ғылым мен таным саласындағы қағидаларын қатаң сақтай отырып, отандық, ұлттық ғылымға өз үлесін қосу және осылайша біздің тәуелсіз республикамыздың дамуына ықпал ету үшін ата-бабаларының тарихи Отанына оралады. Ол өзімен бірге Қазақстанға тек білім мен тәжірибелі ғана емес, сонымен қатар 1986-1997 жылдар аралығындағы тынымсыз енбектің нәтижесінде, әртүрлі табиғи экожүйелерден бөлінген гербицидтер мен ауыр металдарға төзімді және сезімтал штамдарды, сонымен қатар генетикалық-селекциялық, мутагендік әдістермен іріктелген әртүрлі биологиялық белсенді заттарды синтездейтін штамдарды қамтитын микробалдырлардың шағын коллекциясын алғып келді. Осылайша, 1997 жылы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғағаннан кейін, жас әрі мақсатқа ұмтылған ғалым өзінің таңдаған саласы – фототрофты микроорганизмдердің биологиясы мен биотехнологиясындағы зерттеулерін жалғастыруға үміт артып, тарихи Отанына, Алматы қаласына кешіп келеді. Мұнда ол сол күнгі Орталық Азия мен бұрынғы Кеңес Одағындағы альгобиотехнологияларды дамытудың қазіргі проблемалары мен перспективаларын талқылау үшін танымал альголог, биология ғылымдарының докторы, профессор Т.Т. Таубаевпен кездеседі. Профессор Т.Т. Таубаевтің басшылығымен Өзбекстан Республикасында микробалдырларды жаппай өсіру және оның биомассасын ауыл шаруашылығында пайдалану бойынша үлкен ғылыми жұмыс жүргізілді.

Алматы қаласында Б.Қ. Заядан алдымен Қазақ ұлттық аграрлық университетіне жұмысқа орналасады. Мұнда ол экология кафедрасының доценті қызметін аткарып, және ғылыммен айналыса отырып, б.ғ.д., профессор, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, қазіргі уақытта ЖШС «Микробиология және вирусология ғылыми-

өндірістік орталығы» бас директоры А.К. Садановтың тарапынан улкен адами қолдау табады. Олардың бірлескен ғылыми жұмыстарының нәтижесінде Болатхан Казыханұлының жетекшілігімен микробалдырлардың экологиясы бойынша алғашқы кандидаттық диссертация корғалды (Шорабаев Е.Ж., 2000 ж.).

2001 жылдан бастап Б.Қ. Заядан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биология факультетінің деканы б.ғ.д., профессор, Қазақстан Ұлттық жаратылыштану ғылымдары академиясының академигі А.А. Жұбанованаң қолдауы нәтижесінде, өзінің енбек қызметін Қазак ұлттық университетімен тығыз байланыстырыды. М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің түлегі, профессор А.А. Жұбанова ғылымда көрегендікке ие бола отырып, алғашқы танысуынан бастап осы ғылыми бағыттың маңыздылығы мен өзектілігін түсінді және оның ғылыми потенциалын зерттей отырып, оны микробиология кафедрасының доценті ретінде жұмыска қабылдады, одан ері докторантурага түсуге және кафедрада жаңа бағыт – фототрофты микроорганизмдердің биотехнологиясын дамытуға мүмкіндік берді. Осылайша, Қазақстанда алғаш рет әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің сол кездегі микробиология кафедрасында, Б.Қ. Заядан фотобиотехнология зертханасын құрды, оның базасында қазіргі уақытта микробалдырлар мен цианобактериялардың молекулярлық-генетикалық таксономиясы, микробалдырлар биологиясы мен экологиясы, фототрофты микроорганизмдердің физиологиясы, биохимиясы және биотехнологиясы бағыттары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізілуде.

Б.Қ. Заядан «Фототрофты микроорганизмдер, оларды биотехнология мен биоэнергетикада қолдану» бағыты бойынша Қазақстан үшін жаңа ғылыми мектеп құрды, оның негізінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Биология және биотехнология мәселелері ғылыми-зерттеу институтының биотехнология зертханасы жұмыс істейді. Осы зертхана базасында ол микробалдырлар мен цианобактериялардың биологиясы мен биотехнологиясына арналған КР БФМ және ҰҒА қаржыландыратын 18 ғылыми-зерттеу жобасына басшылық жасады. Оның ғылыми мектебін зерттеудің негізгі бағыттары

биотехнологиялық маңызы бар фототрофты микроорганизмдердің перспективті дакылдарын іздеумен және зерттеумен, атап айтқанда медицинада биологиялық белсенді заттар (ББЗ) және ауыл шаруашылығы үшін биологиялық белсенді қоспалар (ББҚ) алу, биоотын және биотынайтқыштар алу, ластанған коршаған орта объектилеріне биомониторинг және биоремедиация жүргізумен байланысты.

Халықтың сапалы тағаммен тамақтануы, ауылшаруашылық жануарларын құнарлы жеммен қамтамасыз ету және медициналық мәселелерді шешу өзекті болғандықтан, оның тылыми қызығушылықтарын іс жүзінде маңызды мәселелерді шешуге байланысты атап өту керек, олардың бірі фототрофты микроорганизмдер негізінде жемдік биологиялық белсенді қоспаларын жасау және өндөу болып табылады. Оның басшылығымен емдік-профилактикалық препараттарды алу үшін *Spirulina platensis* микробалдырын өсіру технологиясын әзірлеу бойынша зерттеулер жүргізілді. Осы жоба шенберінде б.ғ.д., профессор А.А. Жұбанова және мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, м.ғ.д., профессор Ю.А. Синявскиймен бірлесіп, КР Денсаулық сактау министрлігі және Тамақтану академиясында тіркелген «Спирулина лайф» препаратын теориялық әзірлеу және практикалық енгізу жүзеге асырылды. Олар өнертабыска КР инновациялық патентін алды: Тағамдық биологиялық белсенді қоспа «*Spirulina Life*» № 24807.

«Ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібінде пайдалану үшін микробалдырлар мен цианобактериялардың биомассалары негізінде пробиотикалық және антиоксиданттық қасиеттері бар жаңа биопрепараттар алу технологиясын әзірлеу» жобасының шенберінде жетекшілік ете отырып, алғаш рет нан-тоқаш өнімдерін спирулина биомассасымен байыту бойынша жұмыстар жүргізді және нан-тоқаш өнімдері сапасының ең жақсы көрсеткіштерін қамтамасыз ететін цианобактериялардың онтайлы концентрациялары белгіленді.

Б.Қ. Заядан өзінің шәкірттерімен бірге нан-тоқаш өнімдерін микробалдырлардың биомассасымен байытудың «Спирулинамен байытылған нан» атты жаңа технологиясын әзірледі және СТ53281-1910-ГП-01-2013 мемлекеттік стандартын

және № 31116 «Спирулинамен байытылған нан-тоқаш өнімдерін өндіру тәсілі» 2015/0512.1. пайдалы модельге патентін алды.

Осы зерттеулер тамақ өнеркәсібінде және ауыл шаруашылығында колдану үшін микробалдырлар негізінде пробиотикалық және антиоксиданттық қасиеттері бар жаңа биологиялық өнімдер алуға мүмкіндік береді.

Сонымен катар, ол Казакстандағы экологиялық биотехнология бағытын белсенді дамытуда. Осы бағыттағы ғылыми зерттеулер қоршаган орта жағдайының биомониторингіне және микробалдырлар мен цианобактерияларды пайдалана отырып, ластанған орталардың биоремедиациясына арналған. Бұл бағытта жақсы тәлімгер болған және осы күнге дейін болып келе жатқан, Мәскеуде тағылымдамадан өткен кезде танысқан, б.ғ.д., М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің биофизика кафедрасының профессоры Д.Н. Маторин болды. Олар бірлесіп көптеген ғылыми еңбектер, соның ішінде ластанған су экожүйелерінің биомониторингі мен биоремедиациясына арналған екі монография жариялады.

Идентификация, секвенирлеудің және гендік инженерия әдістерінің заманауи молекулярлық-генетикалық әдістерін пайдалана отырып, фотобиотехнология саласында алған ғылыми зерттеулердің нәтижелері қызықты және ерекше назар аударуға тұрарлық. Бұл бағытта Б.К. Заядан К.А. Тимирязев атындағы Ресей өсімдіктер физиологиясы институтының ғалымдарымен белсенді жұмыс істейді, атап айтқанда б.ғ.д., профессор, РFA кор.-мүшесі Д.А. Лось (қазіргі уақытта ол РFA К.А. Тимирязев атындағы Өсімдіктер физиологиясы институтының бас директоры болды). Олардың бірлескен ынтымақтастыры екі PhD докторлық диссертацияны қорғауға алып келді (Сарсекеева Ф.К., 2015, Усербаева А.А., 2018) және қазіргі уақытта олар постдокторант К. Болатханды дайындал жатыр. Олар бірлесіп көптеген ғылыми еңбектер жариялады, соның ішінде цианобактериялардың потенциалды продуценттерінен биодизель алуға арналған монографиясы жарық қөрді.

Б.К. Заяданның жаңартылатын энергия көздері саласындағы фототрофты микроорганизмдер негізінде биоотын алуға

бағытталған зерттеулерін ерекше атап өткіміз келеді, бұл қазбалы көмірсүтектерге экологиялық таза және экономикалық тиімді балама болып табылады. Сонымен, Б.Қ. Заяданмен биодизель отынын алуға үміткер ретінде ұсынуға мүмкіндік беретін, белсенді өсу қабілетімен және биомассадағы липидтердің жоғары құрамымен сипатталатын *Chlorella* sp.1, *Chlorella pyrenoidosa* C-2m және *Cyanobacterium* sp. IPPAS B-1200-2 сияқты микробалдырлар мен цианбактериялардың перспективті штамдарын алды.

Биоэнергетикадағы фототрофты микроорганизмдердің биотехнологиялық потенциалын зерттеу саласында Б.Қ. Зяданның физика-химия, молекулярлық биология және өсімдіктер биохимиясы саласындағы әлемге танымал ғалым, соңғы бес жылда Ресейдің дәйеккөзі ең жоғары биолог, б.ғ.д., профессор С.И. Аллахвердиевпен ынтымақтастығын ерекше атап өткен жөн. Олардың бірлескен ғылыми қызығушылықтары күн энергиясының баска энергия түрлеріне фотокatalитикалық айналуын зерттеумен байланысты.

Қазіргі уақытта академик Б.Қ. Заядан «Биоотын өндірісі үшін цианобактериялардың перспективалы штамдары - негізінде биосутегі алу технологиясын әзірлеу» жана бағытымен айналысады. Биологиялық отындардың әр түрлерінің ішінде биосутегі ең таза және құнды түрі болып табылады және болашактың экологиялық таза және жанартылатын энергия тасымалдаушысы ретінде ең перспективалы үміткер бола алады. Цианобактерияларды сутегінің продуценті ретінде пайдалану өте өзекті және пайдалы болып келеді, өйткені олар күн энергиясын конверсиялау арқылы сутегін түзеді және күрделі қымбат коректік органды қажет етпейді. Сонымен катар, биоотын өндірілгеннен кейін пайдаланылған биомассаны мал азығы ретінде пайдалануға болады. Бұл бағытта Б.Қ. Заядан Токио ғылым университетінің (Tokyo University of Science, Токио, Жапония) жаратылыстану ғылымдары факультеті, Томо лабораториясының менгерушісі, Жапония ғалымы Tomo Tatsuya-мен тығыз қарым-қатынас жасайды. Олармен фотосинтетикалық микроорганизмдер негізінде биосутегі алу үшін зерттеулер жүргізілуде. Осы ынтымақтастық аясында олар екі PhD

докторлық диссертацияға жетекшілік етеді (Б.Д. Қосалбаев, А. Б. Какимова).

2017 жылы Б.Қ. Заядан Астанада өткен «Болашақ энергиясы» тақырыбына арналған EXPO-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесіне қатысты, онда энергия үнемдеудің үздік әлемдік технологиялары, қолданыстағы баламалы энергия көздерін пайдаланудың жаңа әзірлемелері мен технологиялары ұсынылды. Ол шетелдік Adunic АГ (Австрия) және EcologicStudio (Лондон) компанияларымен бірлесіп «ЭКСПО 2017 шенберінде фотобиореакторларда биодизель алу үшін микробалдырларды жаппай дақылдау және мониторингілеу» жобасын баскарды.

Оның басшылығымен, өнеркәсіптік биотехнология үшін болашағы мол 13 туыс және 25 түрден тұратын микробалдырлардың 90-ға жуық табиғи және мутантты штамдарынан тұратын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің микробалдырлар мен цианобактериялар коллекциясы құрастырылды (CCMKazNU-Culture Collection of microalgae, Al-Faraby Kazakh National university).

Б.Қ. Заядан АҚШ, ҚХР, Польша, Ресей, Чехия, Жапония және Ұлыбританияның ірі ғылыми орталықтарымен бірлескен зерттеулерін белсенді жүргізілуде. Ресей ғылым академиясының К.А. Тимирязев атындағы Өсімдіктер физиологиясы институтының жасушаішілік реттеудің молекулалық негіздері зертханасымен (Мәскеу) бірге, алғаш рет цианобактериялар штамдарының геномдары секвенирленді, липидтердің, май қышқылдарының және токсиндердің биосинтезін анықтауға бағытталған зерттеулер жүргізілді. Лондон университеттік колledgejінің (Ұлыбритания) құрылымдық және молекулалық биология зертханасымен бірлесіп мутагенез әдісімен микробалдырлардың жоғары өнімді штамдарын алу, олардың негізінде биодизель алу бойынша зерттеулер жүргізілуде. Сондай-ақ молекулалық биология және биотехнология институтының «Бионанотехнология» зертханасымен (Баку, Әзірбайжан) және Токио ғылым университетінің жаратылыстану ғылымдары факультетінің зертханасымен (Tokyo University of Science, Токио, Жапония) бірлесіп фотосинтетикалық

микроорганизмдер негізінде биосутегін алуға арналған зерттеулер жүргізілуде.

Медицина және тамақ өнеркәсібінде биопрепараттар алу үшін микробалдырларды жаппай өсіру саласында Чехия мен Польшаның альголог ғалымдарымен бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізілуде. Атап айтканда, Чехия ғылым академиясының микробиология институты, «Algatech» орталығының балдырлар биотехнологиясы зертханасының менгерушісі, профессор Жири Копескимен ынтымактастық аясында бірнеше – PhD докторлық жұмыстарға жетекшілік етті (А.Карабекова, К. Болатхан).

Профессор Заядан Б.Қ. поляк альгологтарымен белсенді жұмыс жасайды. Поляк альгологтары қауымдастырының мүшесі бола отырып, Адам Мицкеевич атындағы университеттің (Познань, Польша) ғалымдарымен ғылыми зерттеулер жүргізеді. Мысалы, профессор Миколай Кокосинскиймен бірге ауыр металдарға катысты микробалдырлардың биоремедиациялық потенциалын зерттеу бойынша бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізіліп, PhD доктор (М.Ә. Бауенова) дайындалды.

Сонымен қатар, Б.Қ. Заядан Түркия және Қытай ғалымдарымен халықаралық байланыс орнатып, жұмыс жасауда. Профессор Маммадов Рамазанмен бірге (Памуккале университеті, Денизли, Түркия) жыл сайын өтетін Еуразияның биоалуантүрлілігі халықаралық конференциясын үйлемдастыруға катысады, сондай-ақ, Карадениз техникалық университеттінің биология кафедрасының менгерушісі, PhD доктор, профессор Зихни Демирбакпен микроорганизмдердің молекулалық биологиясы саласында бірлескен ғылыми зерттеулерді жүргізеді.

ҚХР-мен халықаралық байланыстары, профессорлар Гофор Мижит пен Еркин Рахман (Шыңжан мемлекеттік университеті) және Zhiyong Huang және Lei Zhao (ҚХР ғылым академиясы, Тяньцзан өнеркәсіптік биотехнология институты (ТБИ)) сияқты профессорлардың есімдерімен байланысты.

Қазіргі таңда олармен, ANSO бойынша «Isolation and identification of new extremophile microorganisms for obtaining bioactive compounds and promising biotechnological products» атты бірлескен жоба дайындалуда. Сондай-ақ Тяньцзан өнеркәсіптік

биотехнология институты негізінде докторанттар мен постдокторанттарды даярлау бойынша ынтымактастық жүргізілуде, сонымен катар ғылыми қызметкерлер мен докторанттармен алмасу бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Б.Қ. Заядан Марва Салех (Египет, 2012-2015) және Хума Балоуч (Пәкістан, 2018-2021) сияқты шетелдік зерттеушілерге жетекшілік етті және қазіргі уақытта PhD докторлық диссертацияларының жетекшісі болып табылады.

Бұғынгі күні академик Б.Қ. Заядан COMSATS және ANSO-ға мүше елдердің ғалымдарымен халықаралық байланыстарды дамытуда. Ол 2019 жылы Тунистің биотехнология орталығына барып, Монастир университетінің президенті, профессор Hedi Bel Hadj Salan, Тунис биотехнология орталығының директоры доктор Mohamed Ben Amor-мен және араб аймағының үйлестірушісі TYAN Dr. Jalila Ben Salah-ABBES-пен кездесті. Кездесуде қазіргі заманғы биотехнология бағыты бойынша бірлескен ғылыми жұмыстың болашақ перспективалары талқыланды. Қазіргі уақытта COMSATS және ANSO мүше – ғалымдарымен бірлескен бірнеше ғылыми жобалар дайындалды.

Болатхан Қазыханұлының ғылыми-педагогикалық нәтижелері таң қаларлықтай. Қазіргі уақытта ол алыс және жақын шетелдерде және Қазақстанда 20-ға жуық патенттер мен 400-ге жуық публикациялар, оның ішінде 15 кітап пен 5 монографияның және International Journal of Hydrogen Energy, Journal of Biotechnology, Genome Announcements, FEMS Microbiology Letters, Photosynthesis Research, Russian journal of Plant physiology, Microbiology, Applied Microbiology and Biotechnology, Renewable and Sustainable Energy Reviews сияқты халықаралық, жоғары рейтингті журналдарда жарияланған 80-нен астам мақалалардың авторы.

Қазіргі биотехнология кафедрасының және Қазақстандағы фотобиотехнология бағытының заманауи жағдайы, негізінен профессор Заядан Болатхан Қазыханұлының еңбектері және зерттеулерімен алдын-ала айқындалған деп толық негізben айтуда болады.

Болатхан Қазыханұлының ғылыми жетістіктері оның педагогикалық қызметімен тығыз байланысты. Заманауи маманды тек оку және ғылыми процесті біріктіру арқылы тәрбиелеуге болады. Студенттер шығармашылық ойлауды дамыту, жаңа білімді аяқтау және жетілдіру үшін ғылыми зерттеулерге катысуы кажет. Ғылыми зертхананың құрылуы ғылымды жоғары мектептегі білім беру үдерісімен біріктірудің айқын мысалы болды. Оның ішінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Биология және биотехнология факультетінің биотехнология кафедрасына маңызды орын мен ерекше рөл тиесілі. Осылайша, Б.Қ. Заяданның бастамасымен және жеке қосқан үлесі мен талпынысының нәтижесінде, жоғары дәрежеде мамандарды дайындау үшін Қазақстанда «Қоршаған орта биотехнологиясы» сияқты өте маңызды ғылыми бағыт ұйымдастырылды. Бірінші рет республикамызда докторантуралық бойынша «8D051 – Қоршаған орта биотехнологиясы» және магистратура бойынша «7M051 – Қоршаған орта биотехнологиясы» атты жаңа мамандықтар мен білім беру бағдарламалары құрастырылды. ИИДМБ-2 шеңберінде онымен «Индустрияға арналған жасыл энергетика» бағдарламасы бойынша бейімді даярлау үшін «6M071700 – Жылу энергетикасы» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы әзірленді. Сондай-ақ, ағылышын тілінде оқыту үшін бакалавриат бойынша «5B070100-Biological engineering» білім беру бағдарламасы әзірленді.

Болатхан Қазыханұлымен биология және биотехнология мамандықтары бойынша жоғары биологиялық білім берудің кәжетті элементіне айналған мынадай жаңа курс дәрістері дайындалып, көп рет оқылған болатын: «Микробтық модель – коршаған ортадағы мутагендердің индикаторлары», «Цианобактериялардың биологиясы», «Тамақ өнімдерін микробиологиялық бақылау», «Ластанған су қоймаларын тазартудың микробиологиялық негіздері», « Тағам және биотехнологиялық өндірістердің микробиологиялық негіздері», «Биотехнология және қазіргі заман», «Салалық биотехнология мен селекцияның заманауи мәселелері»,

«Фотобиотехнологияның заманауи мәселелері», «Фототрофты микроорганизмдер биотехнологиясының негіздері», «Фотосинтездеуші микроорганизмдердің молекулалық биологиясы және биоинженериясы», «Микроорганизмдер негізіндегі биоэнергетика», «Биомониторинг пен биоремедиациядағы фототрофты микроорганизмдер» және «Экологиялық биотехнология».

2008 – 2020 жылдар аралығында оның университеттерде биология мен биотехнологияны оқытудың заманауи талаптарына жауап беретін, биологиялық ғылымның күрделі мәселелерін баяндаудың нақтылығы мен анықтығымен ерекшеленетін «Биомониторинг водных экосистем на основе микроводорослей», «Фототрофты микроорганизмдер биотехнологиясы», «Экологическая биотехнология фототрофных микроорганизмов» атты монографиялары, «Тағам биотехнологиясы», «Экологиялық биотехнология», «Basics of Biotechnology» окулықтары, «Environmental biotechnology», «Сүтогандарының микрофлорасы», «Биотехнология негіздері», «Биотехнология фототрофных микроорганизмов», «Микробалдырлардың таза дақылдарын бөліп алу және оларды белесенді өсіру тәсілдері», «Биология талапкерлерге дәнекер», «Фототрофты микроорганизмдердің биотехнологиясы бойынша зертханалық практикум» атты оқу-құралдары, «Каталог коллекции культур микроводорослей и цианобактерий» оқу-әдістемелік құралы жарық көрген.

Б.Қ. Заядан өзінің оқытушылық қызметінде, ең алдымен, студенттердің практикалық дағдылары мен біліктіліктерін дамытуға аса мән береді. Оған дәріс оқу, семинар сабактарын жүргізу, практикумдарды, дипломдық жұмыстар мен магистрлік диссертацияларды баскарудың бай тәжірибесі көмектеседі.

Көптеген оқытушылардың пікірінше, басылымдарда ұсынылған материалдар теориялық мәселелерді олардың практикалық аспектілерімен органикалық түрде қамтудың өзіндік ерекшелігімен айқындалады, бұл студенттердің тәуелсіз зерттеулер жүргізуге қызығушылығын тудырады және олардың жан-жақты дамуын едәуір көнектеді.

Б.Қ. Заядан жоғары білікті кадрларды даярлауға көп уақыт пен күш бөледі. Оның жетекшілігімен 6 кандидаттық және 9 PhD докторлық диссертациялар қоргалды. Оның шәкірттері республиканың және шетелдің жоғары оку орындары мен ғылыми мекемелерінде табысты енбек етуде.

